



**Автор:** Байтикенова Умутгуль Какимбековна

**Пән:** Құқық негіздері

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Құқық түсінігі

**Тақырып:** Еңбек құқық түсінігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.4.1.1 → еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Еңбек құқығы туралы біледі және оның қажеттілігін түсінеді
Тілдік мақсаттар:	«Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасы (айтылым, тыңдалым дағдылары) «Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» тақырыбында шағын ой-толғау жазу (жазылым дағдысы)
Күтілетін нәтиже:	Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтай алады ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтайды. ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіреді.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, адалдық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет ресурстарынан қажетті ақпаратты ала білу, арнайы сайттармен қолдана алу
Пәнаралық байланыс:	Өзін өзі тану пәні, өнер, экономика
Бастапқы білім:	Құқық салалары бойынша түсініктері қалыптасқан

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	М Сабаққа кіріспе жасаңыз. 1 тапсырма: Еңбектің адам өмірінде алатын орны мен маңызы жайлы үлгі-өнеге беретін аңыз немесе оқиғаны талданады. Б Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: 1. Берілген аңыз не туралы? 2. Сіз оны қалай түсінесіз? 3. Қандай ой түюге болады? Дескриптор: - Аңыз мазмұнын түсінеді - Аңыздағы негізгі мәселені анықтай алады - Өз ойының жеткізеді	Қосымша 1

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p>Б/Т Еңбек құқығы саласын зерделеу маған не береді деген сұрақ аясында «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасын орындайды.</p> <p>2 тапсырма: Еңбек туралы мақал мәтелдер, өмірден мысалдар келтіре отырып, төмендегі сұрақтарға жауап береді: 1. Мақалдардың шығу себептері неліктен қажет болды? 2. Неге адамдар осындай мақал-мәтелдерді өмірлерінде қолданды?</p> <p>Дескриптор: - Мақал-мәтелдердің түпкі ойын түсінеді - Мақал-мәтелдердің еңбек мәселесін жеткізу жолдарын талдай алады Ж\Т Еңбек жайлы өзіндік ойлануға мүмкіндік беріледі, жұппен, ал одан кейін көрші жұппен ойларымен бөліседі. 3 тапсырма: анықтаманы өз сөзімен түсіндіру. Еңбек құқығы — меншіктің түріне, шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық пішіміне қарамастан, кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру саласындағы қарым-қатынастарды реттеп, олардың әлеуметтік құқыларын қорғайтын нормалар жиынтығы.</p> <p>Т Төрт топ құралады. Олар ҚР Конституциясының 24-бабының 4-тармағын оқып, мағынасын түсіндіреді.</p> <p>Дескриптор: - Мәтінді оқиды және түсінеді - Мәтіндегі ойды анықтайды және қолдана алады</p> <p>4 тапсырма: Т Топтар бап тармақтарына сәйкес проблемалық жағдаяттарды ойлап тауып, басқа топтардан шешімдерін табуды жасайды. Дескриптор: 1. кәсіпті еркін таңдау көрсетеді 2. еңбектегі теңдік біледі 3. еңбек дауларын шешу мәселесін талдайды 4. тынығуға құқылы екендігін бағалайды</p>	Үлестірме қағаз, оқулық, қосымша мәлімет
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Шағын пікір талас ұйымдастыру Б «Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» екі тұжырымның біреуін дәлелдеңіз.</p> <p>Дескриптор: 1. Еңбек ұғымын біледі және түсінеді 2. Еңбекке қатысты мәселені анықтайды және талдайды 3. Еңбек пен міндетті өзара ажыратып, бағалайды</p>	Оқулық
Рефлексия (5 минут)	<p>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- нені білдім, нені үйрендім</li> <li>- нені толық түсінбедім</li> <li>- немен жұмысты жалғастыру қажет</li> </ul>	Рефлексия парағы